



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Парламент Сенатының Төрағасы:

## Жаңғыртудың айқын бағдарламасы

Әлем адамзат үшін шын мәнінде бірегей мүмкіндіктер ашатын төртінші өнеркәсіптік революция қарсаңында тұр. Өмірге жаңа технологиялардың енуі экономикалық ұстанымды, адамдардың өмір сүру салтын, жұмыс күші нарығын түбегейлі түрде өзгертпек. Цифрландыру тұтастай алғанда өркеніетті қоғамды және әрбір адамның жеке ерекшеліктерін жаңа сапалық қалыпқа түсіреді. Сонымен қатар Төртінші өнеркәсіптік революция немесе Индустрия 4.0 деп аталып жүрген жаңғыру жаңа жаһандық сын-қатерлерді тудыратыны анық. Кейбір сарапшылар болашақта әлемнің этностық және діни белгілер бойынша емес, технологиялық құрылымына қарай жіктелетіндігі жөнінде болжам жасауда. Алдыңғы қатарлы державалар күшті серпіліспен ілгері озу мүмкін, бұл даму кезеңін кеңіретін алған елдер үшін үнемі шетте қалу қаупін туғызатын болады. Бұл жағдай әлемнің саяси картасының трансформациялануына: өз кезегінде күтпеген альянстардың пайда болып, халықаралық қатынастар парадигмасын да өзгертеді.

Президент Н.Назарбаев Қазақстан халқына жаңа Жолдауында мемлекетіміздің дамуының аса өзекті сауалдарына қатысты толықтай жауап берген. Орын алуы ықтимал барлық сын-қатерлер мен қауіптерді ескере отырып, Президент Қазақстан халқын болашақтағы әлемдік құрылымның іргелі түрде өзгеруіне жан-жақты дайын болуға шақырады. Бұл стратегиялық құжатта Төртінші өнеркәсіптік революцияның мүлде жаңа жағдайында Қазақстанды жаңғыртудың нақты бағдарламасының ұсынылуы Жолдаудың басым тұсы болып табылады. Бұл ретте еліміздің жаңа бет-бейнесі жөнінде сөз болып отыр, ол қазіргі заманғы мемлекеттік институттарды, энергиясы тиімді экономиканы, цифрлы технологияларды, интеллектуалды көлік инфрақұрылымын, «ақылды қалаларды» қамтиды.



Елбасы Қазақстанның бүкіл дамыған елдердің қатарына қосылып, озық мемлекетке айналуы үшін аса қажетті 10 негізгі міндетті нақтылап берді.

Президенттің ел экономикасын индустриаландыруға және цифрландыруға қатысты тапсырмаларының маңызын атап өту қажет. Расында да инновацияны ендірмей, IT саласын және инжинирингтік қызметтерді жетілдірмей, еліміздің өнеркәсібі алдыңғы қатарлы стандарттарға сай келетін және әлемнің нарықтарында сұранысқа ие болатын өнімдерді шығара алмайтыны анық.

Цифрлы технологиялар дәуірінде еліміздің ресурстық әлеуетіне қатысты үйреншікті көзқарасты қайта қарастырған жөн. Күн тәртібінде «жасыл» экономикаға көшу, энергиялық тұрғыдан тиімді, экологиялық жағынан таза өндірістерді кеңінен ендіру, жаңғырмалы энергия көздеріне көшу мәселелері тұр.

Жаңғырту аграрлық секторды да қамтиды. Жаңа технологиялардың, бизнес-модельдердің, зияткерлік жүйелердің енгізілуі, агроөнеркәсіптік кешеннің барынша ғылымға негізделуін ұлғайту бұл саланың өнімділігін бірнеше есе арттыруға мүмкіндік береді. Тиімсіз субсидиялардан банк кредиттерін арзандатуға көшу арқылы саланы қаржыландырудың жаңа сапалық деңгейі қалыптасады. Мемлекет басшысы 5 жыл ішінде агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын

көрсетуге болмайды. Өйткені Индустрия 4.0. дәуірінде біздің елімізді ілгерілететін дәл осындай лайықты тұлғалар.

Мемлекеттің Төртінші өнеркәсіптік революцияға дайындығы көлік инфрақұрылымының тиімділігімен тікелей байланысты. Логистикалық тізбектің барлық буындары зияткерлік бағдарламалар негізінде өзара тығыз қарым-қатынаста болуы тиіс. Құрылыс пен коммуналдық секторда заманауи технологияларды ендіру маңызды міндет болып табылады.

Экономиканың құретамыры саналатын қаржы секторын жаңғыртуға маңызды орын беріледі. Банк секторы мен Ұлттық банктің жұмысына әділ сын айтылып келеді. Мемлекет басшысы қаржылық реттеушіні негізді түрде сынай отырып, банк қоржынын «нашар» кредиттерден босатуды және қаражатты банктерден әкетуді тоқтатуды талап етті. Банк жүйесі экономикалық өсімді ынталандыруы тиіс, осыған байланысты экономика салаларының рентабельділігін ескеретін нақты мөлшерлеме бойынша бизнесті ұзақ мерзімді кредитпен қамту жөнінде өзекті міндет қойылып отыр.

Жолдаудың ерекше құнды жағы – мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерді қолдайтынын мәлімдеу. Адам капиталын дамыту стратегиялық тұрғыдан маңызды міндет болып саналады. Бұл мәселені шешу жолында білім беру жүйесін одан әрі жаңғырту жөнінде кешенді шаралар көзделген. Мұғалім мамандығының мәртебесін жоғарылату үшін педагогтардың еңбекақысы айтарлықтай көбейтіледі. Бұл шараны қажеттігі туралы Сенатта да бірнеше мәрте айтылған болатын.

Білім беру, мәдениет пен идеология ұлттың рухани әлеуетін нығайту үшін қызмет етуі тиіс. Осы орайда Мемлекет басшысының «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс», деген ойына назар аудару қажет. Бұл тұжырыммен

келіспеуге болмайды. Өйткені Индустрия 4.0. дәуірінде біздің елімізді ілгерілететін дәл осындай лайықты тұлғалар.

Біз, қазақстандықтар, мемлекетті басқарудың тиімді жүйесін құру, сыбайлас жемқорлықты жеңу және заңның үстемдігін күшейту бойынша күрделі міндеттерді шешуге тиіспіз. Азаматтардың конституциялық құқықтарын нығайту жұмысы заңнамалық деңгейде жалғасын табатын болады.

Елорданың дамуы Елбасының үнемі назарында. «Смарт Сити» немесе «ақылды қала» ретінде Астана бүкіл Қазақстанға үлгі болуы тиіс. Жақын болашақта жаңа технологиялардың дамуына, жасанды интеллектінің пайда болуына байланысты мемлекеттің дәстүрлі рөлінің өкілдік ету функциялары ығыстырылып, осы «ақылды қалалар» экономикалық және гуманитарлық тұрғыдан тартымды болатыны сөзсіз.

Жолдаудың негізгі міндеттерінің оңтайлы шешім табуы олардың заңнамалық жағынан қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты. Бұл жерде әңгіме цифрлы технологияларды енгізуге, венчурлық қаржыландыру нарығының жұмыс істеуіне, бизнесті ынталандыруға, «жасыл» технологияларды енгізуге байланысты мәселелерді реттеу, сондай-ақ маңызды әлеуметтік мәселелерді шешу туралы болып отыр. Бұл ретте Парламент Сенаты қажетті заңдарды уақтылы әрі сапалы қабылдау үшін барлық күш-жігерін салуға дайын.

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері туралы Жолдау – мәні мен маңызы жағынан, тың геосаяси, геоэкономикалық, георекениеттік жағдайлардағы іс-қимыл бағдарламасы. Мәселе төтесінен қойылып отыр: Қазақстан осы жағдайларға толық дайындықпен бет бұрады немесе тарих көпіне ілесумен боламыз. Жауап айқын. Сондықтан Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде біздің алдымызда бар күш-жігеріміз бен білімімізді аямай еңбек ету міндеті тұр.

## Дамудың үдемелілігін қамтамасыз ететін Жолдау

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы алдыңғы жылдардағыдай «Қазақстан-2050» Стратегиясының қисынына сәйкес келетін елеулі бағдарламалық құжат әрі мемлекеттік аппарат пен азаматтар үшін іс-қимылдың үлгісі болып табылады.

Қайрат МӘМИ,  
Конституциялық  
Кенес төрағасы



Онда Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде қазіргі заманғы трендтермен шартталған тыныс-тіршіліктің барлық салаларын дамытудың өзекті мәселелері қамтылған.

Жолдаудың көптеген идеялары өткен жылы өткізілген конституциялық реформаның ережелерімен сабақтасады және олардың одан әрі іске асырылуы бір-бірін өзара толықтырып отыратын болады.

Президент мемлекеттік және өзге де құрылымдарды шоғырландыруы тиіс он шешуші міндетті белгіледі. Бұл: агроөнеркәсіп кешенін, құрылыс пен коммуналдық секторды кеңінен индустриаландыру және жаңғырту, көлік-логистикалық инфрақұрылымның, қаржы секторын «қайта жүктеудің» тиімділігін арттыру, адам капиталын дамыту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету, ауқымды цифрландыру жұмыстары және т.б.

Құқық аясында азаматтардың конституциялық құқықтары кепілдіктерін одан әрі нығайту, жер-жерлерде заңның үстемдігі қағидаттарын бекіту бойынша жұмыстарды одан әрі жалғастыруға деген Мемлекет басшысының тапсырмасын ерекше атап өткім келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында превентивті шаралар қабылдау қажеттігіне назар аударылды, ол өте маңызды. Құқық қорғау қызметі, әдеттегідей ізгілендіру, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті

қамтамасыз етудің зияткерлік жүйесін енгізу, атап айтқанда, көшелерде және адамдар көп жиналатын орындарда бейнебақылау мен тану, жол қозғалысын бақылау бағытында дами беретін болады.

Мемлекет басшысының Жолдауы биылғы 10 қаңтарда Конституциялық Кеңестің арнайы отырысында талқыланды. Біз елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы Конституциялық Кеңестің жыл сайынғы жолдауының жобасын дайындау жөніндегі жұмысты бастадық, ол екінші тоқсанның соңында Парламент палаталарының бірлескен отырысында жарияланатын болады. Біз онда Елбасы тапсырмасын іске асыру бойынша, әсіресе адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері бойынша нақты ұсыныстар береміз.

Баршаңызды Қазақстан Президентінің Жолдауын насихаттауға және іске асыруға белсенді түрде атсалысуға шақырамыз. Конституциялық Кеңес өз өкілеттігі шегінде оны орындау үшін бар күшін салатын болады.